



Астана 2025, №1

Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы үшін 2025 ж. қаңтар үшін ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

Қаңтар айында желшегерме-желкөтерме құбылысының 9 жағдайы байқалды. Фетисовода деңгейдің көтерілуі 27 см (-29,21 м) дейін жетті. Форт-Шевченкода деңгейдің 22 см (-29,68 м) төмендеуі байқалды.

Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка пункінде - 106 см, ал минимум Форт-Шевченко пункінде - минус 185 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус 116 см немесе БЖ бойынша минус 29,16 м болды.

Кесте 1 . Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

Бақылау пункті	Орташа деңгей	Максималды деңгей	Бақылау уақыты	Минималды деңгей	Бақылау уақыты
Иголкинская банка	99	106	01.01.2025	94	30.01.2025
Жанбай					
Пешной	-100	-87	05.01.2025	-115	23.01.2025
Құлалы аралы	-152	-146	03.01.2025	-158	06.01.2025
Форт-Шевченко	-156	-138	10.01.2025	-185	06.01.2025
Саура	-168	-161	01.01.2025	-174	06.01.2025
Құрық	-176	-166	04.01.2025	-182	14.01.2025
Ақтау	-167	-165	14.01.2025	-170	06.01.2025
Песчаный	-85	-79	23.01.2025	-90	26.01.2025
Фетисово	-138	-119	21.01.2025	-149	28.01.2025

Ескертпе: Жанбай ТГБ деректері толық емес

Су температурасы.

Қаңтарда судың орташа температурасы шамамен 3,0°C болды, 1,4°C-тан (Құрық) 8,2°C-қа дейін (Песчаный) ауытқулармен.

Ауа температурасы.

Қаңтар айының орташа ауа температурасы шамамен 1,3°C болды. Ең жоғары ауа температурасы Фетисово аймағында 14,6° С-қа жетті, ең төменгі ауа температурасы Пешной теңіз станциясы аймағында минус 14,1°C-қа жетті.


10.02.2025

Каспий теңізін гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасы Ғылыми-зерттеу орталығы


7 (7172) 79 83 12

ugmikm@meteo.kz

Астана қ.,
Мәңгілік Ел 11/1
7 (7172) 79-83-32
info@meteo.kz
www.kazhydromet.kz



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Қаңтар айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 4,8 м/с, максималды жылдамдығы 16 м/с жетті (Пешной).

Қаңтар айында желдің басым бағыты оңтүстік-шығыс (24,0%) және шығыс (12,5%) болды.

